

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҰББДҚ ӘКІМШІЛІК ЕСЕПТІЛІГІ НЫСАНДАРЫН
ТОЛТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ЗАПОЛНЕНИЮ
ФОРМ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТЧЕТНОСТИ В НОБД**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

ҰББДҚ әкімшілік есептілігі нысандарын толтыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 24 б.

Методическое рекомендации по заполнению форм административной отчетности в НОБД. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2015. – 24 с.

Әдістемелік ұсыныстар әкімшілік есептілік нысандарын толтыруға басшылық болып табылады (127 нысан). Әрбір нысан толтырылуы қажет кестелер түрінде берілген. Сондықтан, ұсыныстар осы кестенің толтырылуы қажетті әр жолы мен бағандарын көрсетеді.

Әдістемелік ұсыныстар ҰББДҚ толтыруы қажетті білім беру ұйымдары үшін ғана емес, сондай ақ, бақылаушы органдарға да арналған.

Методические рекомендации являются руководством при заполнении форм административной отчетности (127 форм). Каждая форма представлена в виде таблицы, которую необходимо заполнить. Поэтому данные рекомендации описывают, что необходимо заполнить в каждой графе или строке этой таблицы.

Методические рекомендации предназначены для организаций образования, заполняющих НОБД, а также контролирующим их органам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Білім беру саласындағы негізгі көрсеткіштер білім берудің барлық деңгейлерінің статистикалық есептілігінде көрсетіледі. ҚР Білім және ғылым министрлігінде қалыптастырылатын статистикалық есептілік ведомстволық немесе әкімшілік болып келеді. 2012 жылға дейін әкімшілік есептіліктің 467 нысаны болған. Ел Президентінің тапсырмасымен 2012 жылы ҚР БҒМ Ұлттық білім беру статистикасы орталығымен ҚР Статистика жөніндегі агенттігі бірлесе отырып әкімшілік есептілік нысандарын жетілдіру және оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді.

Қазіргі таңда ҚР БҒМ білім беру мониторингінің көрсеткіштері, мемлекеттік және стратегиялық бағдарламалық құжаттардың көрсеткіштері және халықаралық көрсеткіштер тізімі енгізілген – 162 нысан бар.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығына сәйкес әкімшілік есептілік нысандарын жинау ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) және ЖБББЖ (Жоғары білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесі) ақпараттық жүйелері арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

2014 жылдан мектепке дейінгі, жалпы орта білім берудің әкімшілік есептілігі нысандары ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетіне (2014 жылғы 4 маусымдағы № 264 бірлескен бұйрығы) беріледі.

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша статистикалық көрсеткіштер жылсайын ЮНЕСКО-ның Статистика институтына тапсырылады. Бұл көрсеткіштерді әртүрлі халықаралық ұйымдар әлемдік рейтингтер үшін қолданады.

1 Мектепке дейінгі білім берудің (МДБ) әкімшілік есептілік нысандары

Толтыру кезінде ҚР БҒМ негізгі нормативтік құжаттарын: 2013 жылғы 22 мамырдағы № 50 бұйрығын – «Білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасы», 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрығын – Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері және ұйымның құрылтай құжаттары (жарғы, заңды тіркелу туралы, жеке кәсіпкерлік және т.б. куәлік) ескеру қажет.

МДБ бойынша барлығы – 16 нысан бар, онда МДБ жүйесі, контингенті, персонал, оқыту тілдері, ұлты бойынша, МТБ және басқа да көрсеткіштер енгізілген.

(1-16) МҰ нысандары

Мектепке дейінгі ұйымдардың желісі және балалардың контингенті туралы мәліметтер (МҰ-1):

Осы нысанда МДБ барлық түрлері санын, МҰ орындары санын, МҰ жалпы контингентін толтыру қажет;

Балалар контингенті жас бойынша бөлінеді:

1-ден 6 жасқа дейінгі (облыс бойынша барлық балалар, олардың ішінен мектепке дейінгі ұйымдарға және мектепалды сыныптарға баратындар);

мектепке дейінгі ұйымдарға баратын 1-6 жастағы балаларды қамту көрсеткішін есептеу үшін:

1) облыс бойынша 1-6 жастағы балалардың санынан - 4 баған (D) мектептегі бастауыш сыныптарындағы 5-6 жастағы балалар санын аламыз – 3 нысан, 8 жол, 3,5 баған (E):

$F = D - E$, бұнда F – облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда білім және тәрбиемен қамтуға жататын 1-6 жастағы балалардың саны.

2) мектепке дейінгі ұйымдарда білім және тәрбиемен қамтылған 1-6 жастағы балалардың санын – 5 баған (G) қамтылуға жататын 1-6 жастағы балалардың санына бөлеміз (F):

Есептеу формуласы:

$$H = G / F * 100\%$$

H – мектепке дейінгі ұйымдарда білім және тәрбиемен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі;

3-6 жастағы (облыс бойынша барлық балалар, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарға және мектепалды сыныптарға баратындар);

3-6 жастағы балаларды қамту көрсеткішін есептеу үшін:

1) облыс бойынша 3-6 жастағы балалардың санынан – 7 баған (шартты белгісі- D) мектептегі бастауыш сыныптарындағы 5-6 жастағы балалар санын аламыз – 3 нысан, 8 жол, 3,5 баған (шартты белгісі - E):

$F = D - E$, бұнда F – облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда білім мен тәрбиемен қамтылуға жататын 3-6 жастағы балалардың саны.

2) мектепке дейінгі ұйымдарда білім мен тәрбиемен қамтылған 3-6 жастағы балалардың санын – 8 баған (шартты белгісі - G облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда білім мен тәрбиемен қамтылуға жататын 3-6 жастағы балалардың санына бөлеміз (шартты белгісі - F):

Есептеу формуласы:

$$H = G / F * 100\%$$

Н мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамтылған 3-6 жастағы балалардың үлесі.

Бұдан басқа, барлық деректерді қаладағы және ауылдағы мектепке дейінгі ұйымдар бойынша бөлек көрсету қажет.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде 1, 2, 3,4 және 5, 6,7 жасқа толған 0-7 жасқа дейінгі балалардың жас мөлшері туралы мәліметтер (МҰ-3):

Осы нысанды толтырған кезде, ол екі тараудан тұратынын ескеру қажет: біріншіге 0-7 жастағы балалардың жалпы саны бойынша деректер енгізіледі, олардың ішінде МДБ барлық түрлеріне баратын 0-7 жастағы балалар;

Әрі қарай МҰ баратын барлық балаларды жасы бойынша бөлу қажет:

- 0-ден 1 жасқа дейін,
- 1-ден 2 жасқа дейін,
- 2 жасқа толғандар;
- 3 жасқа толғандар;
- 4 жасқа толғандар;

Мектепалдағы топтарға және мектепалдағы сыныптарға баратын балаларды 0-7 жастағы балалардың жалпы санынан бөліп шығару үшін 5-7 жастағы балалар бойынша деректерді екінші тарауда орналастыру:

- 5-7 жастағы барлық балалар;
- 5 жасқа толған балалар саны;
- 6 жасқа толған балалар саны;
- 7 жасқа толған балалар саны;

Осы нысанда 0-7 жасқа дейінгі барлық балалардың санынан қыздарды бөлек, сондай-ақ қыздарды әр жас бойынша бөлек шығаруға өте маңызды.

Оқыту тілі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар (топтар) туралы мәліметтер (МҰ-4)

Осы нысанда ДМҰ-да қандай тілде балаларды оқытатыны және тәрбиелетіні көрсетілуі тиіс.

Қазіргі кезде қазақ тілінде білім мен тәрбие беретін МҰ бар, орыс тілінде, екі тілде оқыту (қазақ және орыс тілінде оқыту міндетті емес, қазақ және ұйғыр тілдерінде білім беретін МҰ бар және т.б.), сондай-ақ үш және одан да көп тілде білім берілетін МҰ бар.

Әр ұйым үшін білім беру және тәрбиелеу тілдері бойынша топтар санын және оның ішіндегі балалар санын көрсету қажет.

Неміс, ағылшын, ұйғыр, өзбек, корей, түрік және басқа да тілдер ана тілі ретінде және шет тілі ретінде үйретілетін мектепке дейінгі топтардың желісі мен контингенті туралы мәліметтер (МҰ-5):

Осы нысан ана тілі немесе шет тілі ретінде үйрету тұрғысынан әр түрлі тілдерді зерделеу туралы мәліметті бөлуге қол жеткізеді;

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогика кадрларының сапалы құрамы туралы мәліметтер (МҰ-7):

Осы нысанды толтырған кезде педагогикалық қызметтегі МҰ қызметкерлері ескеріледі: басшылар, әдістемешілер, тәрбиелеушілер, психологтар, мұғалімдер, және педагогикалыққа теңдестірілген қызметкерлер – музыкалық басшылар, логопедтер, хореографтар, дефектологтар және т.б.;

Жыныс бойынша бөлу (олардың ішінде әйелдер) міндетті шарт болып табылады;

Педагогикалық қызметкерлердің жалпы санынан білім деңгейі бойынша (жоғары, жоғары мектепке дейінгі, техникалық-кәсіптік, техникалық-кәсіптік мектепке дейінгі, жалпы орта және педагогикалық сыныпты тәмамдағандар) бөлумен санын ұсыну қажет.

жоғары білімі бар педагог қызметкерлерінің үлесін есептеу үшін:

жоғары білімі бар педагогтардың саны - 2 баған (шартты белгісі- G) облыс бойынша педагогтардың жалпы санына бөлу – 1баған (шартты белгісі- F):

Есептеу формуласы:

$$H = G/F * 100\%$$

H – мектепке дейінгі ұйымдардағы жоғары білімі бар педагог қызметкерлердің үлесі.

Әрі қарай педагогикалық кадрларды санаттары бойынша (жоғары, бірінші, екінші, санатсыз) бөліп, деректерді ұсыну қажет.

жоғары, бірінші, екінші санаттары бар педагог қызметкерлерінің үлесін есептеу үшін:

санаты бар педагог қызметкерлердің санын - 17, 19, 21 ,23 бағандар (шартты белгісі- G) педагог қызметкерлердің жалпы санына бөлу – 1 баған (шартты белгісі- F):

Есептеу формуласы:

$$H = G/F * 100\%$$

H – мектепке дейінгі ұйымдардағы жоғары, бірінші, екінші біліктілік санаттары бар педагог қызметкерлердің үлесі.

Бұдан басқа, ғылыми дәрежесі бар педагогикалық қызметкерлер болса, олардың санын көрсету қажет;

Мектепке дейінгі ұйымдарға келген барлық жас мамандардың саны маңызды көрсеткіш болып табылады, әр МҰ толтырғаннан кейін деректер, облыс бойынша жас мамандардың жалпы санын есептеу үшін қосылады;

Педагогикалық қызметкерлерді жасы бойынша бөліп (25 жасқа дейін, 25-тен 34 жасқа дейін, 35-тен 44 жасқа дейін, 45-тен 54 жасқа дейін, 55-тен 64 жасқа дейін және зейнеткерлік жаста) және жұмыс өтілі бойынша бөліп, (5 жылға дейін, 5- 10 жылға дейін, 10-15 жылға дейін, 15 жылдан жоғары);

Әр ұйым кадрлардағы қажеттілікті көрсету қажет.

Барлық аталған педагогикалық кадрлар бойынша көрсеткіштер тұрғылықты жердің түрі бойынша (ауыл қызметкерлері) бөлінді. Сондай-ақ жалпы санынан шағын орталықта жұмыс істейтін қызметкерлерді бөліп шығару қажет.

Мемлекеттік емес меншік түріндегі мектепке дейінгі ұйымдардың желісі мен контингенті туралы мәліметтер(МҰ -8):

Осы нысанда білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарының жалпы санынан мемлекеттік емес жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарды бөліп шығару қажет.

Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесін есептеу үшін:

жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардың санын – I баған (шартты белгісі- G) мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санына бөлеміз – I нысан, I бөлім (шартты белгісі- F)

Есептеу формуласы:

$$H = G / F * 100$$

H – жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі.

Әр ұйым жеке меншік МҰ орындар саны (жобалық қуаттылық) бойынша, балалар саны және оларда 100 орынға қаншалықты бала келетіні бойынша деректерді енгізу қажет.

Әрі қарай педагогикалық кадрлар бойынша (педагогтардың жалпы саны, олардың ішінде әйелдер және білім деңгейі бойынша) барлық деректер толтырылады.

Барлық көрсеткіштер қалалық және ауыл МҰ үшін бөлек толтырылуы тиіс.

Даму мүмкіндігі шектелген балаларға арналған арнайы бағыттағы мектепке дейінгі ұйымдар және жалпы типтегі мектепке дейінгі білім ұйымдарындағы арнайы топтар туралы мәліметтер. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарының құрамы туралы мәліметтер (МҰ-11):

Осы нысан екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда арнайы МҰ және арнайы топтар бар жалпы типтік МҰ желісі және контингенті бойынша деректер толтырылады.

Осы нысандағы бірінші көрсеткіш тек қана МҰ ғана емес жалпы облыс бойынша 0 - 6 жастағы даму мүмкіндігі шектеулі балалардың саны екеніне назар аудару қажет;

Бұдан басқа, олардағы топтар және балалар саны арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда да, арнайы топтары бар, жалпы типтік мектепке дейінгі ұйымдарда ұсынылады.

Әрі қарай осы арнайы топтардың әр бағыты бойынша бөлек деректер енгізіледі (сөйлеу, зияткерлік бұзушылықтарымен, естімейтін балалар және т.б.)

2 тарауда педагог қызметкерлері және мамандары бойынша деректерді толтыру қажет.

Бес пен алты жастағы балаларды міндетті мектепалды даярлықпен қамту туралы мәліметтер (МҰ-12):

Осы нысанда мектепалды топтары бар ұйымдардың және олардағы балалар мен педагогтар саны туралы мәлімет көрсетіледі.

Балабақшадағы, шағын орталықтағы және мектептегі мектепалды топтар бойынша бөлу қажет.

Сондай-ақ оларда оқытылатын балалар саны және осы топтарда жұмыс істейтін педагогтар саны бойынша.

Бұдан басқа, облыс бойынша 5-6 жастағы балалардың жалпы саны, мектепалды сыныптардағы 5-6 жастағы балалар саны бойынша деректер енгізіледі.

*мектепалды даярлықпен 5-6 жастағы балаларды қамтуды есептеу үшін:
мектепалды 5-6 жастағы балалардың санын – 8 баған (шартты белгісі- G) облыс бойынша 5-6 жастағы балалар санына бөлеміз - 7 баған (шартты белгісі- F)*

Есептеу формуласы:

$$H = G / F * 100\%$$

H – мектепалды даярлықпен қамтылған 5-6 жастағы балалардың үлесі.

Үйдегі балабақшалар, мектепке дейінгі тәрбие беру шағын орталықтарының желісі мен контингенті туралы мәліметтер (МҰ-13):

Осы нысанда шағын орталықтар саны, олардағы балалар саны, қала/ауыл және МҰ болудың толық күні бойынша бөліп деректерді толтыру қажет.

мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан мектепке дейінгі шағын орталықтардың үлесін есептеу үшін қажет:

шағын орталықтар санын – 1 бағанды (шартты белгісі- G) мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санына бөлеміз – I нысан;

I баған (шартты белгісі - F)

Есептеу формуласы:

$$H = G / F * 100$$

H – мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы санынан мектепке дейінгі шағын орталықтардың үлесі.

Бұдан басқа, мектептердегі және жеке меншік ұйымдардағы, үйдегі балабақшалардағы шағын орталықтардың саны, балалардың саны бойынша деректер енгізіледі.

2 Жалпы орта білім беру ұйымдарының әкімшілік есептілігінің нысандары (ЖОБ)

Толтыру кезінде ҚР БҒМ негізгі нормативтік құжаттарын: 2013 жылғы 22 мамырдағы № 50 бұйрығын – «Білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасы», 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығын – Жалпы білім беретін ұйымдар қызметінің типтік ережелері және ұйымның құрылтай құжаттары (жарғы, заңды тіркелу туралы, жеке кәсіпкерлік және т.б. куәлік) ескеру қажет.

ЖОБ әкімшілік есептілігі нысандарына қосымша білім беру бойынша – 3 нысан (ВУ 1-3), кешкі мектептер бойынша 3 нысан (СВ 1-3), күндізгі жалпы білім беру ұйымдарының МТБ туралы мәліметтер – Д4, мектептер жанындағы интернаттар туралы мәліметтер – Д5, мектептерді мұғалімдер, оқушылар және сыныптар саны бойынша топтастыру (1-3) - Д6, арнайы жалпы білім беретін ұйымдар туралы мәліметтер (1-3)- Д8, ШЖМ бойынша нысандар (1-10) – Д9, СТ – 1(ЖОБ бойынша салыстырмалы кесте), паспорттар (П 1- 39), РИК 76 (1-5), қосымшалар (1-3), РИК 83 (1-5), компьютерлендіру (К-1), оқулықтар(У1-3), педкадрлар (ПК1-2), ЖОБ қамту.

ШЖМ нысандары (1-10)

Шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) желісі мен контингенті (ШЖМ-1):

Осы нысанда жергілікті жердің типі бойынша бөлінген (қала/ауыл), оларда оқытылатын оқушылар саны бойынша шағын жинақталған мектептердің жалпы саны көрсетіледі.

Сондай-ақ барлық ШЖМ түрлер бойынша бөлу қажет: бастауыш шағын жинақталған мектептер, негізгі шағын жинақталған мектептер, орта шағын жинақталған мектептер.

Шағын жинақталған мектептердегі біріктірілген сыныптар мен оқушылар контингенті туралы мәліметтер (ШЖМ-2):

Осы нысанды толтырған кезде мектептерді Білім беретін ұйымдар қызметінің типтік ережелеріне сәйкес келуді тексеру қажет (2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 БҒМ бұйрығы). Бастауыш шағын жинақталған мектепте – 40 оқушыға дейін, негізгі шағын жинақталған мектепте – 40-тан 80 оқушыға дейін, орта шағын жинақталған мектепте – 80-нен 140 оқушыға дейін.

Бұдан басқа, «Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы» тарауының тармақтарына, қандай сыныптар біріктіруге жатпайтына назар аудару қажет.

Бұдан кейін сыныптардың жалпы санын, біріктірілмеген сыныптар санын, 1-4, 5-9, 10-11 сыныптарға бөлінген біріктірілген сыныптар санын көрсету қажет.

Сәйкесінше сыныптар бойынша және тілі бойынша бөлінген оқушылардың санын көрсету қажет.

Оқыту тілі мен сыныптар бойынша ШЖМ туралы мәліметтер (ШЖМ-3):

Осы нысанда ШЖМ жалпы саынан қаншалықты ШЖМ ауыл жерлерінде орналасқанын көрсету қажет .

Барлық ШЖМ оқыту тілдері бойынша бөлу: қазақ тілінде оқыту, орыс тілінде оқыту, ұйғыр тілінде оқыту, өзбек тілінде оқыту, тәжік тілінде оқыту немесе басқа, екі тілде оқыту мектептері (аралас).

1-4, 5-9, 10-11 бөлінуі бойынша олардағы сыныптар санын көрсету.

Шағын жинақталған мектептердің педагог кадрларының сапалық құрамы туралы мәліметтер (ШЖМ-6):

Осы нысанда ұйымдар ШЖМ педогоикалық қызметкерлерінің сапа көрсеткіштерінің сандық деректерін ұсынады.

Бірінші көрсеткіш – мұғалімдердің білім деңгейлері.

Жоғары білімді: жоғары оқу орнын тәмамдаған магистр, бакалавр, маман дипломадарымен педкадрлар;

Техникалық-кәсіби білімді: колледждерді, педагогикалық арнайы оқу орындарын тәмамдаған педкадрлар

Орта білімді: жалпы орта білім туралы аттестаты бар мектепті тәмамдаған қызметкерлер, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқытылатын студенттер.

Екінші көрсеткіш - санаттар (жоғары, бірінші, екінші, санатсыз)

Олардың арасынан қанша мұғалім ауыл жерлерінде жұмыс істейтінін көрсету қажет.

Маңызды көрсеткіш кадрлардағы мұқтаждық болып табылады.

Шағын жинақталған мектептер мұғалімдерінің орташа апталық жүктемесі туралы мәлімет (сағат саны) (ШЖМ-7):

Осы нысанда ШЖМ 21 пәні бойынша апталық сағат санын толтыру қажет.

Бұдан басқа, сағат санын сыныптар бойынша бөліп көрсету қажет (ұсынылған біріктіру бойынша). Егер осындай біріктірулер болмаса, бағаналарды қосып, өз біріктірулерді енгізу қажет.

Нәтижесінде жолдардағы сома пәндер бойынша мектептегі жалпы сағат санын береді.

Бағаналардағы сома біріктірілген сыныптар бойынша жалпы сағат санын береді. .

Жекелеген пәндер оқытылмайтын мектептер және ондағы оқушылар туралы мәліметтер (ШЖМ-9):

Нысан қандай ШЖМ-де кадрларда мұқтаждық бар екенін анықтауға қол жеткізеді.

Жеке пәндер оқытылмайтын мектептер бойынша деректерді және осы мектептерде оқыту қай тілде жүргізілетінін мәлімет ұсыну қажет.

Әрі қарай мектепте жалпы оқушылар санын және қандай да бір пәнге үйретілмейтін оқушылардың санын (тек жүргізілмейтін пәнді көрсету) көрсету.

II нысандар (1 – 39)

Мектептердің жалпы саны және оқушылар саны (II-1):

Осы әкімшілік есептіліктің нысаны өңірдің аудандары бойынша толтырылады;

Әр аудан, оның аумағында мектептердің барлық түрлерінің жалпы санын, қалалық пен ауылдықтарға бөліп көрсетеді. Әрі қарай жергілікті атқарушы

органдарға бағынысты мемлекеттік күндізгі жалпы білім беру мектептерін, қалалық пен ауылдықтарға бөлумен, бөлек бағанаға шығарады.

Осы нысанда мемлекеттік күндізгі жалпы білім беру мектептері санынан қанша бастауыш, негізгі, орта мектеп бар екенін көрсету қажет, оларды қалалық пен ауылдықтарға бөлумен.

Бұдан басқа, жоғарыда аталған мектептердің оқушылары саны туралы деректерді енгізу қажет, олардың ішінен қыз санын көрсетумен.

«Мектеп–балабақша» кешендері туралы мәліметтер (II-2):

«Мектеп – балабақша» кешеніне білім берудің екі ұйымы кіреді, әрқайсысы өзінің оқу-білім беру үдерісі бар, алайда ортақ құрылтай құжаттары, ғимараттар және материалдық-техникалық базасы бар.

Сондықтан нысанда әр «мектеп – балабақша» кешенінің толық мекен-жайы көрсетіледі.

Әрі қарай мектеп бойынша деректер бөлек енгізіледі: оқыту тілі, сыныптар саны, 1-11 сыныптарға дейін оқушылардың саны.

Балабақша бойынша: мектепке дейінгі топтардың саны, осы топтардағы балалардың саны.

Педагогтарға қатысты, қаншалықты балабақшада, қаншалықты мектепте жұмыс істетіндерді бөлу қажет. Егер мұғалім мектепте және балабақшада да жұмыс істейтін болса, сағат жүктемесі көбірек ұйымға жатқызады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептер туралы мәліметтер (II-4):

Осы нысанда әр аудан мемлекеттік күндізгі жалпы білім беру мектептерінің жалпы санынан, қалалық пен ауылдықтарға бөлумен, қазақ тілде оқыту мектептерін есепке алады;

Деректер оқушылар саны бойынша толтырылады: барлық мемлекеттік күндізгі мектептерде, қазақ тілде оқыту мектептерінде, олардың ішінде ауыл жеріндегі оқушылар.

Қазақ тілде оқыту мектептерінің жалпы санынан шағын жинақталған мектептер, оларда оқитын оқушылар және ауыл жеріндегі оқушылар бөлек көрсетіледі;

Орыс тілінде және аралас тілде оқытатын мектептердегі қазақ тілінің оқытылуы туралы мәліметтер (II-5):

Бұндада аудандардағы күндізгі мемлекеттік мектептер бойынша есеп жүргізіледі.

Осы нысанды толтырған кезде орыс тілде оқытатын мектептер туралы деректерді беру қажет:

- сынып-жинақтардың саны;
- оқушылардың саны;
- олардың ішінен қазақ ұлтты оқушылар саны;
- орыс ұлтты;
- және басқа ұлтты.

Әрі қарай бірнеше оқыту тілімен мектептер (аралас мектептер) бойынша деректерді ұсыну қажет:

- орыс тілде оқытумен сынып-жинақтардың саны;

- орыс тілде оқытумен сынып-жинақтардың оқитын оқушылардың саны;
- олардың ішінен қазақ ұлтты оқушылар саны;
- орыс ұлтты;
- және басқа ұлтты
- қазақ тіліне үйрететін мектептер саны
- олардың ішіндегі оқушылар.

Жаратылыстану-математикалық пәндер ағылшын тілінде жүргізілетін республиканың көп тілді мектептері туралы мәліметтер (II-6):

Көп тілді мектептер саны жыл сайын көбеюде. Үш және одан да көп тілде берілетін пәндер саны да ұлғаюда. Ақпарат жыл сайын жаңартылатындақтан, білім берудің осындай ұйымдарының толық мекенжайын көрсету қажет.

Қазақстанның мектептерінде жиі оқыту жүргізілетін үшінші тіл – ағылшын тілі. Сондықтан ағылшын тілде берілетін пәндерді атауға қажет.

Әр ұйым қай сыныптарда көптілді оқыту жүргізілетінін (мысалы: 6, 7, 8, 9, 10,11 сыныптарда), қанша сондай сыныптар бар (мысалы, екі 6 сыныпта, бір 7 сыныпта және бір 8 сыныпта, барлығы төрт сыныпта) және қаншалықты оқушылар санын бойынша деректерді енгізеді.

Жаратылыстану-математикалық пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер туралы деректер бөлек енгізіледі: білім деңгейлері бойынша, санаттары бойынша.

Аралас тілде оқытатын мектептер туралы мәліметтер (II-9):

Осы нысанда Республикадағы аралас мектептер туралы мәлімет толтырылады: қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептер, қазақ және ұйғыр, қазақ және өзбек, қазақ және тәжік, орыс және ұйғыр, орыс және өзбек, орыс және тәжік тілдерінде оқытатын мектептер. Сондай-ақ үш тілде оқытумен мектептер де бар: қазақ, орыс және ұйғыр және т.б.

Осындай мектептердің оқыту тілі бойынша бөліп жалпы санын көрсету қажет.

Жалпы білім беретін мектептердегі үздік және жақсы оқитын оқушылар туралы деректер (II-16):

Осы нысан өңірдің әр ауданы бойынша толтырылады. Аудандағы барлық күндізгі мемлекеттік мектептерде үздік және жақсы оқитындар ескеріледі.

Деректер сыныптарға бөлініп беріледі.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгерген («жақсы» және «өте жақсы») оқушылар жөніндегі мәліметтер (II-17):

Осы нысанда да күндізгі мемлекеттік мектеп бойынша мәлімет.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқу бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген оқушылардың санын сыныптарға және ауыл жерлерінде оқытылатындарды бөліп, көрсету қажет.

Бір сыныпта курсты қайта оқып жатқан оқушылар (қайта оқу жылына қалдырылған оқушылар) туралы деректер (II-18):

Осы нысанды толтырған кезде, «қайта оқу жылына қалдырылған» және «екі жылда бір сыныпта қалған» ұғымдарды бөлу қажет. «Екі жылда бір

сыныпта қалған» - осы деңгейдің (сыныптың) бағдарламасын игермеген оқушылар, ал науқастығына, тұрғылықты жерін ауыстырғанына, немесе басқа себептерге байланысты «қайта оқу жылына қалдырылған» оқушылар «екі жылда бір сыныпта қалғандар» болып табылмайды.

Сондықтан осы нысанда тек оқу бағдарламасын меңгермеген сыныптар бойынша оқушылар көрсетіледі.

«Алтын белгі» белгісімен марапатталғандар туралы мәліметтер (II-19):

Осы нысанда «Алтын белгі» белгісімен марапатталған түлектер бар әр мектеп көрсетіледі.

Нысанның бірінші бөлігінде «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер саны оқыту тілі бойынша бөлініп көрсетіледі;

Әрі қарай «Алтын белгі» белгісін растаған үміткерлердің оқу тілі бөлінісіндегі саны көрсетіледі.

Жалпы білім беретін мектептердің 9 сынып бітірушілерін жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер (II-28):

Осы нысан алдыңғы оқу жылдың 9 сынып бітіруші түлектері бойынша толтырылады. Түлектердің жалпы санынан күндізгі мемлекеттік мектептердің түлектері, олардың ішінен ауыл жерлерінен және қыздар саны ескеріледі. Бұдан басқа, кешкі, жеке меншік және арнайы мектептердің түлектері, жергіліктің түрі және жынысы бойынша бөлініп, көрсетіледі.

Әрі қарай, түлектердің жалпы саны бөлінеді:

колледжге оқуға түскен

10-шы сыныпқа көшкен

басқа елге оқуға барған

басқа облысқа кеткен

еңбекке орналасқан түлектер

еңбекке орналаспаған түлектер

қайтыс болған, науқас болу салдарынан оқытылмайтындар.

Жалпы білім беретін мектептердің 11 сынып бітірушілерін жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер (II-29):

Осы нысан алдыңғы оқу жылдың 11 сынып бітіруші түлектері бойынша толтырылады. Түлектердің жалпы санынан күндізгі мемлекеттік мектептердің түлектері, олардың ішінен ауыл жерлерінен және қыздар саны ескеріледі. Бұдан басқа, кешкі, жеке меншік және арнайы мектептердің түлектері, жергіліктің түрі және жынысы бойынша бөлініп, көрсетіледі.

Әрі қарай, түлектердің жалпы саны бөлінеді:

- экстернат түрінде мектепті бітіргендер;

- колледждер мен ЖОО түскендер;

- еңбекке орналасқандар әр сала бойынша бөлек: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б.;

- басқа облысқа, басқа республикаға кеткендер;

- ауырғанына байланысты және басқа себептерден ешқайда орналаспаған түлектер;

- ауырғанына, қайтыс болуына байланысты білім ала алмайтындар;
- әскерге шақырылғандар.

Педагогикалық кадрларды аттестаттаудан өткізу туралы мәліметтер (П-30):

Мұғалімдердің аттестаттауы бойынша деректер соңғы аттестаттау, яғни өткен оқу жылында болған аттестаттау нәтижелері бойынша толтырылады.

Қазақ тілінде оқыту мектебінде, басқа мектептерде қаншалықты мұғалім аттестаттаудан өткенін санат бойынша бөліп (берілді, расталды, берілмеді), толтыру қажет.

Бөлек жолға қалалық және ауылдық педагогтар санын көрсету.

Мектептерде жұмыс істейтін мұғалім-магистранттар туралы мәліметтер (П-31):

Осы көрсеткіш облыс бойынша ұсынылады, олардың ішінен қаншалықты ауыл жерлеріндегі санын көрсете отырып.

Әрі қарай қандай пәндер бойынша мұғалім-магистрант бар екені жазылады (25 пән ұсынылады). Егер де кестеде сондай пән болмаса, басқа деген бағанада жазып толтыру қажет.

Жас мамандарды (жоғары білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері) жалпы білім беретін мектептерге жұмысқа қабылдау жөніндегі мәліметтер (П-32):

Осы нысанда ағымдағы оқу жылында қаншалықты жас мамандар мектепке келгенін көрсетеді.

Жоғары оқу орнын аяқтаған және техникалық және кәсіптік білім беру оқу орнын аяқтаған түлектер бойынша есепті бөлек жүргізу қажет.

Қаншалықты маман ауыл жерлеріне келгенін көрсету қажет.

Әрі қарай 22 пән бойынша және бастауыш сынып мұғалімдеріне бөліністе көрсету қажет.

Арнайы жалпы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері (П-34):

Осы нысанда арнайы білім беру ұйымдарында және күндізгі мемлекеттік білім беру мектептеріндегі арнайы сыныптарда (топтарда) жұмыс істейтін педагогикалық қызметкерлер туралы мәлімет ұсынылады.

Қалалық және ауылдық жерлерде жұмыс істейтіндерге бөліп.

Олардың ішінен әйелдерді бөлу қажет және білім деңгейі, жұмыс өтілі, санаттары және жастары бойынша бөліп көрсету қажет.

Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беру мектептердегі қызығушылығы бойынша спорт секцияларына және үйірмелерге қатысатын балалар туралы мәліметтер (П-39):

Осы нысанды толтырған кезде есеп тек күндізгі мемлекеттік орта жалпы білім беру мектептері бойынша жүргізілетіне назар аудару қажет.

Нысанда қызығушылығы бойынша спорт секциялары және үйірмелер түрлері ұсынылады (егер тізілімде секция немесе үйірменің түрі жоқ болса, басқалар деген бағанада жазып толтыру қажет.

Деректер: Үйірмелер(секциялар); Оқушылар саны; Олардың ішінен қыздар;

Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар саны бойынша енгізіледі.

3 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әкімшілік есептілік нысандары (ТЖКБ)

Толтыру кезінде ҚР БҒМ негізгі нормативтік құжаттарын: 2013 жылғы 22 мамырдағы № 50 бұйрығын – «Білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасы», 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 369 бұйрығын – Колледждер қызметінің типтік ережелері және ұйымның құрылтай құжаттары (жарғы, заңды тіркелу туралы, жеке кәсіпкерлік және т.б. куәлік) ескеру қажет.

ТК нысандары (1-8)

Техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының желісі және контингенті туралы мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-1):

Осы нысанды толтырғанда, барлық ТЖКБ ұйымдарын барлық және мемлекеттіктерге бөліп көрсету қажет.

ТЖКБ барлық контингентін есепке алу үшін: 9 сынып негізінде білім алушыларды; 11 сынып негізінде білім алушыларды.

Оқыту нысандары бойынша бөліп, мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытылатындарды; мемлекеттік тілде оқытылатындарды көрсету.

Мамандықтары бөлінісінде техникалық және кәсіптік білім ұйымдарда білім алушылардың контингенті туралы мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-2):

Осы нысанды толтырғанда, барлық ТЖКБ ұйымдарын барлық және мемлекеттіктерге бөліп көрсету қажет.

Нысанда әр колледж осы ұйым оқытатын мамандықтар бойынша деректерді енгізеді: -мамандықтың коды; -мамандықтың атауы.

Әрі қарай ТЖКБ контингентін:

-барлығын жыл басына (оқыту нысандары бойынша, мемлекеттік тапсырыс бойынша),

-қабылдау (оқыту нысандары бойынша, мемлекеттік тапсырыс бойынша),

-шығару (оқыту нысандары бойынша, мемлекеттік тапсырыс бойынша)

ұсыну қажет

Техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының күндізгі оқу бөлімін бітіруші түлектердің жұмысқа орналасқандары туралы мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-3):

Осы нысанды толтырғанда, барлық ТЖКБ ұйымдарын барлық және мемлекеттіктерге бөліп көрсету қажет.

Оқытудың күндізгі нысаны бойынша түлектердің жұмысқа орналастыруы мамандықтар бойынша толтырылады, бұ үшін мамандықтың коды және атауы көрсетіледі. Содан кейін түлектер санын келесі түрде бөліп толтыру қажет:

-жұмысқа орналасқандар;

- ЖОО оқытылатындар;

- ТЖКБ ұйымдарында оқытылатындар;

- әскери қызметке шақырылғандар

- ҚР шектерінен тыс кеткендер;

- декреттік демалыстағылар;
- жұмысқа орналаспағандар.

Техникалық және кәсіптік білім беретін білім ұйымдарының педагог қызметкерлерінің сапалық және сандық құрамы туралы мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-4):

Осы нысанды толтырғанда, барлық ТЖКБ ұйымдарын барлық және мемлекеттіктерге бөліп көрсету қажет.

Нысанда ТЖКБҰ педагог қызметкерлерінің лауазымдарының тізілімі көрсетілген.

Әр лауазым бойынша қызметкерлер санын көрсету қажет:

- штат бойынша;
- қосымша жұмыс істейтіндер бойынша;
- білім бойынша;
- санат бойынша;
- жас мамандар бойынша;
- жұмыстан шыққан педагог қызметкерлері
- жастық құрамы бойынша;
- жұмыс өтілі бойынша;
- педагог қызметкерлеріне сұраныс көрсетіледі.

Техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру туралы мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-5):

Нысанды толтыру үшін былтырғы оқу жылы біліктілікті көтерудің курстары бойынша деректер қажет.

Қаншалықты қызметкер біліктілікті арттыруға өтініш білдіргенін және қаншалықты қызметкер есеп кезеңінде біліктілік арттыру курсынан өткенін көрсетіңіздер.

Деректерді курста қайда өткенін бөлінісімен толтыру қажет:

- «Өрлеу» ПКҒО АҚ,
- "Кәсіпқор" холдингіте,
- шетелдік орталықтарда,
- халықаралық жобалар аясында,
- көшпелі курстар шеңберінде,
- кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өту бойынша.

Техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының тәрбие жұмыстары бойынша мәліметтер, меншік нысаны бойынша (ТК-8):

Осы нысанды толтырғанда, барлық ТЖКБ ұйымдарын барлық және мемлекеттіктерге бөліп көрсету қажет.

Осы нысан оқудан бос уақытында студенттердің қолы бос болмаушылығын көрсетеді.

Сондықтан, қосымша үйірмелерге және спорт секцияларына қатысатын студенттердің санын көрсету маңызды.

Бұдан басқа, құқық бұзғандары үшін ішкі істер органдарында есепте тұрған студенттерді де ескеру қажет.

4 Балалар құқығын қорғау бойынша (БҚК) әкімшілік есептілік нысандары

Толтыру кезінде ҚР БҒМ негізгі нормативтік құжаттарын: 2013 жылғы 22 мамырдағы № 50 бұйрығын – «Білім беру ұйымдары түрлері номенклатурасы», 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығын – Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар қызметінің типтік ережелері және ұйымның құрылтай құжаттары (жарғы, заңды тіркелу туралы, жеке кәсіпкерлік және т.б. куәлік) ескеру қажет.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жастық құрамы туралы мәліметтер (ҚК -1):

Осы нысанда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бойынша контингентін, ұйымдар (мемлекеттік, жеке меншік) бойынша мәлімет көрсетіледі:

- денсаулық сақтау жүйесінің;
- халықты әлеуметтік қорғау;
- білім беру жүйесінің,

-оның ішінде балалар үйлері, шектеулі мүмкіндіктерімен балаларға арналған балалар үйлері, интернат-мектептер, отбасы типті балалар үйлері, отбасы типті балалар ауылдары, жасөспірім үйлері, жетімханалар.

Әр ұйым үшін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санын мәртебесіне бөліп толтыру:

ААҚҚ балаларды себептеріне бөліп көрсету.

Бұдан басқа, жыныс бойынша, ұлт бойынша, денсаулық жағдайы және жас бойынша бөліп көрсету.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары бітірушілерінің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер (ҚК -2):

Осы нысанды толтырғанда, барлық қамқорлықтағы және патронатты тәрбиедегі түлектерді ескеру қажет.

Түлектердің әрбір санатты бойынша толтыру:

- 9 сынып бітірушілерінің саны ;
- 11 сынып бітірушілерінің саны,

-мектепте, ТЖКБ ұйымдарында, курстарда оқуларын жалғастыратындардың саны;

- 9-сыныпты бітіріп, жұмысқа орналасқан түлектердің саны (жұмыс істейді, мүгедектік ресімдеген, сотталған, ҚР-дан тыс кеткендер, қайтыс болған, басқа);

- 11-сыныпты бітіріп, ТЖКБ ұйымдарында, ЖОО-да, курстарда оқуларын жалғастырған түлектердің саны көрсетіледі;

- 11-сыныпты бітіріп, жұмысқа орналасқан түлектердің саны (жұмыс істейді, мүгедектік ресімдеген, сотталған, ҚР-дан тыс кеткендер, қайтыс болған, басқа);

- жұмысқа орналастырылмаған бітірушілердің саны (олардың ішінен 9-ншы, 11-нші сынып бітірушілер) көрсетіледі;

Оқыту тілі, ұлт және жас ерекшелігі бойынша балалар үйлерінің тәрбиеленушілері туралы мәліметтер (ҚК -6):

Осы нысанда балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін:

- жалпы санынан қыздарды;

- ұлт бойынша;

- жас бойынша;

- оқыту деңгейі бойынша бөліп көрсету қажет.

Әрі қарай балалар бойынша бөлінісуді көрсету:

- орыс тілінде оқытылатын қазақ ұлтты;

- мемлекеттік тілде оқытылатын орыс және басқа ұлтты;

- басқа тілдерде оқытылатын қазақ ұлтты;

- басқа оқу орындарында оқытылатын тәрбиеленушілер саны.

Бұдан басқа, топтар саны, олардағы орындар, олардағы балалар, оқыту тілдеріне бөліп көрсету қажет.

Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметкерлері туралы мәліметтер (ҚК -8):

Нысан денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйелеріне бағынысты ұйымдарынсыз толтырылады.

Оны толтыру үшін қызметкерлердің жалпы санын, оның ішінде қазақ ұлтты қызметкерлерді көрсету қажет.

Әрі қарай білім деңгейі, педагогикалық еңбек өтілі (осы мекемедегі), санаттары бойынша барлық қызметкерлерді көрсету қажет.

Сондай-ақ қазақ тілін меңгерген қызметкерлердің санын және қазақ тіліне оқытылатын қызметкерлер санын көрсету қажет.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандар туралы мәліметтер (ҚК -9):

Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйелеріне бағынысты ұйымдарынсыз толтырылады

Нысанда толтырғанда, штат бойынша және факті бойынша жұмыс істейтін барлық қызметкерлер ескеріледі.

Есеп облыстық басқармаларда жұмыс істейтін балалардың құқықтарын қорғау мамандары, аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінде жұмыс істейтін балалардың құқықтарын қорғау мамандары, аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінде жұмыс істейтін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі әдіскерлер бойынша жүргізіледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, патронатты тәрбиедегі балалардың қозғалысы туралы мәліметтер. Жетім

балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды табу және орналастыру туралы мәліметтер (ҚК -10):

Нысанға екі тарау кіреді. Біріншіні толтыру үшін қамқорлықтағы және патронатты тәрбиедегі балаларды бөлек ескеру қажет.

- балалардың саны көрсетіледі:

- есеп беру кезеңінің басына;

- қамқорлыққа қабылданған және патронатқа алынған;

- жаңадан анықталғандар, қамқорлық, патронатты алып тастағаннан кейін, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, балалар үйлерінен, мүгедектер үйлерінен, жақын шетелдіктен, ҚР басқа облыстарынан келген, облыс ішінде басқа өңірлерден келгендерге бөлініп, әр жолда қабылданғандар бөлек көрсетіледі;

- шыққан;

- балалыққа алынғандар, қанды отбасына қайтып кету, мүгедектер үйлеріне, балалар үйлеріне, жетім балалар және АҚК балаларға арналған білім беру ұйымдарына қайтқан, басқа облысқа шыққан, ҚР шектерінен тыс шыққан, облыс ішінде басқа ауданға шыққан, басқа негіздерден кеткен әр жолға бөлініп шыққандар көрсетіледі;

-есеп беру кезеңінің аяғына,

Екінші тарауда орналастырылмаған және жаңадан анықталған балалар бойынша мәлімет.

Балалар саны:

- есеп беру кезеңінің басына орналастырылмайын қалғандар;

- есеп беру кезеңінде анықталғандар;

-олардың ішінен орналастырылғандар;

- қамқорлыққа, патронатқа тапсырылғандар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына, балалар үйлеріне, мүгедектер үйіне, орта және жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына берілгендерге бөлінумен орналастырғандар;

-есеп беру кезеңінің соңында орналастырылмағандар.

ҚР БҒМ, ҚР ДСМ ұйымдарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қозғалысы туралы мәліметтер (ҚК -11):

Осы нысанда білім беру, денсаулықты сақтау және әлейметтік қорғау ұйымдарындағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар біріктірілді.

-жыл басына;

-есеп беру кезеңіне қабылданғандар;

-себептерге бөліністе қабылданғандар;

- есеп беру кезеңінде кеткендер;

- олардың ішінен әр түрлі себептерден кеткендер;

- жыл аяғына;

- «Үміт» тобындағы тәрбиеленушілердің саны көрсетіледі.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында (КТБО) асырап-бағылатын балалар туралы мәліметтер.

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары туралы мәліметтер (ҚҚ -12):

Нысанда екі тарау бар. Біріншіні толтыру үшін кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балалардың жынысы бойынша толық саны көрсетіледі;

Әрі қарай олар туралы мәліметті көрсету:

- ата-анасының немесе оларды алмастырушының қамқорынсыз қалған балалардың саны;

- панасыз қалған балалардың саны;

- девиантты мінезқұлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балалардың саны;

- әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан, қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың саны көрсетіледі;

- есептік кезеңде КТБО-дан кеткен балалардың саны келесі бөлікте көрсетіледі: ата-аналарына, жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған басқа ұйымдарға, қамқорлыққа, патронатқа, асырап алуға, девиантты мінезқұлықты балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарына, ҚР басқа өңірлеріне, басқа елдердің КТБО типіндегі мекемелерге, меймандату отбасыларына, республиканың басқа аудандарына, республикадан тыс жерлерге кеткендер;

- психологпен, заң кеңесшісімен, әлеуметтік педагогпен көрсетілген көмек саны бойынша мәліметтер көрсетіледі.

2 тарауда девиантты мінез-құлықты балалар туралы мәліметтер толтырылады.

Әр ұйым: жыныс, жас, санат бойынша барлық балалар саны, есеп беру кезеңіне кеткен балалар саны, мектептегі оқу, жұмысқа орналастырылған, орналаспаған бөліністе мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу туралы деректерді және санаттары бойынша мұғалімдер мен тәрбиешілердің саны бойынша мәліметті көрсетеді.

5 Қаржыландыру бойынша әкімшілік есептіліктің нысандары (Қ 1-7)

Осы нысандарды аудандық және облыстық білім беру басқармаларының мамандары толтырады.

Білім беру ұйымдарына жұмсалатын шығыстар (бюджеттік қаражат) туралы мәліметтер (Қ – 1):

Осы нысанда білім берудің барлық деңгейлері бойынша жұмсалатын жалпы шығындардың сомалары толтырылады. Сомалар мың теңгемен көрсетіледі:

- мектепке дейінгі білімге жұмсалатын, барлығы, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар бөлінісінде;

- жалпы орта білімге жұмсалатын, барлығы, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар бөлінісінде;

- қосымша білім беруге жұмсалатын, барлығы, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар бөлінісінде;

- техникалық және кәсіптік білім беруге жұмсалатын, барлығы, мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар бөлінісінде көрсетіледі;

Жалпы орта білімнің жаппай оқыту қоры бойынша жұмсалатын шығыстар туралы мәліметтер (Қ – 2):

Жалпы орта білімнің жаппай оқыту қорынан қаражат бөлінеді. Осы нысанда осы қордан жұмсалатын шығыстар бойынша мәліметті толтыру қажет.

Жаппай оқыту қоры бойынша шығыстар сомасы:

қалалық жер, бюджет қаражаты есебінен және бюджеттен тыс қаражат есебінен бөлінісінде көрсетіледі;

ауылдық жер, бюджеттік қаражат есебінен және бюджеттен тыс қаражат есебінен бөлінісінде көрсетіледі;

Білім беру ұйымдарына жұмсалатын күрделі сипаттағы шығындардың көлемі туралы мәліметтер (Қ – 3):

Осы нысанда білім беру ұйымдарының барлық деңгейлері бойынша күрделі сипаттағы шығыстар сомалары толтырылады. Сомалар мың теңгемен көрсетіледі.

- бюджет қаражаты есебінен, бюджеттен тыс қаражат есебінен бөліністе күрделі жөндеуге;

- бюджет қаражаты есебінен, бюджеттен тыс қаражат есебінен бөліністе негізгі қаражатты иемденуге жұмсалатын қаражат көрсетіледі.

Мемлекеттік білім беру ұйымдағы жұмсалатын ақылы қызметтердің көлемі туралы мәліметтер (Қ – 4):

Білім беру ұйымдары білім беру қызметтерін көрсетеді. Білім беру ұйымдары бюджеттік қаражаты есебінен оқытылатындарға және тәрбиеленушілерге білім беру қызметтері ақысыз көрсетеді. Білім беру қызметтері мың теңгемен көрсетіледі:

-білім берудің барлық түрлері бойынша білім беру қызметтеріне жұмсалатын сома;

-мектепке дейінгі, қосымша білім беру ұйымдарындағы ата-ана төлемінің сомасы;

-мектепке дейінгі, қосымша білім беру ұйымдарындағы ата-ана төлемінің орташа өлшемді сомасы;

3 жолда ата-ана төлемінің орташа өлшемі сомасы білім беру ұйымдарының барлық түріне көрсетіледі;

Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагог қызметкерлердің орташа айлық жалақысы туралы мәліметтер (Қ – 5):

Педагогикалық қызметкерлердің орташа айлық жалақысы тек мемлекеттік ұйымдар бойынша көрсетіледі.

Мөлшерлемелер саны бойынша деректерді енгізу қажет:

-мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің;

- жалпы орта білім беру ұйымдарының оқытушыларының;

- қосымша білім беру ұйымдарының педагогтарының;

-ТЖҚБ ұйымдарындағы педагогтарының оқу жүктемесі көрсетіледі.

Әрі қарай еңбекке ақы төлеудің айлық қоры толтырылады:

- мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиешілердің;

- жалпы орта білім беру ұйымдарының оқытушыларының;

- қосымша білім беру ұйымдарының педагогтарының;

- ТЖҚБ ұйымдарының педагогтарының айлық еңбекақы төлеу қоры көрсетіледі.

Содан кейін орташа айлық еңбекақы көрсетіледі:

- мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиешілерінің;

- жалпы орта білім беру ұйымдарының оқытушыларының;

- қосымша білім беру ұйымдарының педагогтарының;

-ТЖҚБ ұйымдарының педагогтарының орташа айлық еңбекақысы көрсетіледі.

Күрделі шығындарды есептемегенде жылына білім беру ұйымдарында 1 оқушыға кететін орташа шығыс туралы мәліметтер (мемлекеттік тапсырыс) (Қ – 6):

Осы нысанда мемлекеттік те, жекеменшік те шығындарының сомалары толтырылады.

Жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру ұйымдары, мамандандырылған білім беру ұйымдары, арнайы білім беру ұйымдары туралы мәліметтер толтырылады.

Қалалық және ауылдық жерлердегі бөліністе барлық оқушылар контингентін көрсету қажет.

Әрі қарай қалалық және ауылдық жерлердегі оқу және тәрбиеге жұмсалатын шығыстың сомасы көрсетіледі;

Нәтижесінде қалалық және ауылдық жерлердегі 1 оқушыға кететін орташа шығыстың сомасы туралы мәлімет көрсетіледі.

Қорытынды

Ұсынылып отырған әкімшілік есептілік нысандарын толтыру бойынша ұсыныстар білім беру ұйымдарындағы статистикалық есептілікке жауапты тұлғалар үшін анықтамалық материал болып табылады.

Сондай-ақ, бұл материалды облыстық және аудандық білім бөлімдері білім беру ұйымдарының көрсеткіштерін тексеру кезінде де пайдалануы қажет. Облыстар бойынша статистикалық деректерді жинақтау қорытындысы бойынша – ҚР Білім және ғылым министрлігінің бақылауында.

Бұл жинаққа мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әкімшілік есептілік нысандары, атап айтсақ, аталған ұйымдардың желісі, контингенті, оқыту тілі, оқыту түрі бойынша көрсеткіштер енгізілген. Сонымен қатар, барлық білім беру деңгейлеріне қарай педагогикалық кадрлар бойынша әкімшілік есептілік нысандары нақты жазылған. Педкадрлар бойынша көрсеткіштер қала/ауыл, білім деңгейі, санаты, еңбек өтілі, қай тілде оқытады, біліктілігін жоғарылатуы, аттестация кесіндісінде көрсетілген.

Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықталуы мен компьютерлендіру деңгейі жөніндегі көрсеткіштер «МТБ жабдықталуы және оқушы орындарына тапшылықты есептеу бойынша әдістемелік ұсыныстар» және «АКТ көрсеткіштерін есептеу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарда» кеңінен көрсетіледі.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Мектепке дейінгі білім беру (МДБ) әкімшілік есептілік нысандары.....	4
2 Жалпы орта білім беру ұйымдары әкімшілік есептілігінің нысандары (ЖОБ)	9
3 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әкімшілік есептілік нысандары (ТЖКБ).....	15
4 Балалар құқығын қорғау бойынша (БҚК) әкімшілік есептілік нысандары.....	17
5 Қаржыландыру бойынша әкімшілік есептіліктің нысандары (Қ1-7).....	21
Қорытынды.....	23

Введение

Основные показатели в области образования отражены в статистической отчетности всех уровней образования. Статистическая отчетность, которая формируется в Министерстве образования и науки РК, является ведомственной или административной. До 2012 года существовало 467 форм административной отчетности. По поручению Президента страны в 2012 году Национальный центр образовательной статистики МОН РК совместно с Агентством по статистике РК провели огромную работу по оптимизации и совершенствованию форм административной отчетности.

В настоящее время в МОН РК – 162 формы, которые включают перечень показателей образовательного мониторинга, показатели государственных и стратегических программных документов и международные показатели.

Согласно приказа МОН РК № 570 от 27 декабря 2012 года сбор форм административной отчетности осуществляется в электронном формате через информационные системы НОБД (Национальная образовательная база данных) и ЕСУВО (Единая система управления высшим образованием).

С 2014 года формы административной отчетности дошкольного, общего среднего образования передаются в Комитет по статистике МНЭ РК (Совместный приказ № 264 от 4 июля 2014 года).

Ежегодно статистические показатели по всем уровням образования вносятся в Вопросники Института статистики ЮНЕСКО. Данные показатели используются различными международными организациями для мировых рейтингов.

1 Формы административной отчетности дошкольного образования (ДО)

